

**Астана қаласы әкімдігінің
«Дәulet» МҚҚК басшысының
2023 жылғы «18» 05
№~~хчн/к~~ бүйрығына қосымша**

**Астана қаласы әкімдігінің «Дәulet» МҚҚК Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы комплаенс-қызметінің ережесі**

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Астана қаласы әкімдігінің «Дәulet» МҚҚК (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бүйрығымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет көрсету туралы үлгілік ережесіне және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы курес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы ереже Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, қагидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.

3. Осы ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - Кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, соларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл жағдайда өздерінің қызметтік міндеттерін орындауы және (немесе) тиісінше орындауда осы адамдардың жеке мұдделері құқық бұзушылықтың бұзылуына әкеп соғуы мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - сыбайлас жемқорлық белгілері бар, заңмен әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген заңсыз кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің профилактикалық іс-шаралар жүйесін

әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және оның аумақтық бөлімшелерін алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

4. Кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын (сыбыллас жемқорлыққа қарсы комплаенс) қамтамасыз ету функциясын комплаенс-менеджер жүзеге асырады.

5. Комплаенс-менеджер Кәсіпорынның тәуелсіз лауазымды тұлғасы болып табылады және тікелей Кәсіпорын басшысына бағынады.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі өз өкілеттіктерін Кәсіпорынның лауазымды адамдарына тәуелсіз жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етуде тәуелсіз.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне әдістемелік қолдау сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органы және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функциясын Кәсіпорынның басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен біріктіруге жол берілмейді.

2-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мақсаттары, міндеттері, принциптері, функциялары мен өкілеттіктері

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің негізгі мақсаты Кәсіпорын мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының орындалуын бақылау болып табылады.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері:

1) Кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу және превенция бойынша құралдарды енгізуді қамтамасыз ету;

2) кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесін тиімді жүзеге асыру;

3) Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі сыртқы нормативтік талаптардың және озық халықаралық тәжірибелінің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

11. Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын іске асыру үшін бөлінген өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі қызметтіңің ақпараттық ашықтығы;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жақсарту;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын маманның құзыретін ұдайы жетілдіру.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтіңің функциялары:

1) әзірлеуді қамтамасыз етеді:

Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі саясат;

Кәсіпорын қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулықтар;

Кәсіпорындағы мүдделер қақтығысын анықтау және шешудің ішкі саясаты;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі іс-шаралар жоспары;

Кәсіпорын қызметкерлерін фактілер немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы ықтимал бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібін реттейтін құжат;

корпоративтік әдеп және мінезд-құлық мәселелерін реттейтін құжат;

2) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өндеуді, қорытындылауды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндегі үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бүйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндегі үлгілік қағидаларына сәйкес Кәсіпорын қызметтіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі үйлестіреді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның бірінші басшыларының және Кәсіпорынның бірлескен шешімімен

жүзеге асырылатын Кәсіпорын қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

5) Кәсіпорында анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды азайту және жою бойынша қабылданған шараларға мониторингті жүзеге асырады;

6) Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

7) Кәсіпорын қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) Қоғам қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты және корпоративтік әдеп және мінез-құлыш мәселелерін сактауды бақылауды қамтамасыз етеді;

9) Кәсіпорын ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді;

10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құзыреті шегінде заннамада белгіленген мемлекеттік функцияларды, қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген адамдардың сактауын қамтамасыз етеді;

11) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі іс-шараларды әзірлейді және орындауды бақылауды жүзеге асырады;

12) мұдделер қақтығысын анықтау, бақылау және шешу, оның ішінде жұмыспен қамту, сатып алу және Кәсіпорынның бизнес-процесстері мәселелері бойынша шаралар қабылдайды;

13) Кәсіпорында сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігіне кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы арыздар (шағымдар) бойынша ішкі аудит жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

16) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамадағы, Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот тәжірибесіндегі өзгерістерге мониторингті және талдауды жүзеге асырады;

17) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын іске асуру тиімділігін бағалауды жүзеге асырады;

18) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпаратын тындауға;

19) Кәсіпорынның басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Кәсіпорын қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар береді;

20) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі өз қызметінің шеңберінде:

1) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінен, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер мен материалдарды сұратады және алады;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді Кәсіпорын басшысының карауына енгізуге бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарыс күрес туралы заңнамасын бұзу туралы келіп түскен хабарламаларға қызметтік тексеру жүргізеді;

4) Кәсіпорын қызметкерлерінен қызметтік тексерулер шеңберінде жазбаша түсінкемелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарыс заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қарыс іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) Кәсіпорын қызметкерлерінің Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарыс заңнаманың болуы немесе ықтимал бұзылуы фактілері туралы хабарлауы немесе Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарыс іс-қимылдың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізу үшін ақпараттық арналарды құрады;

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қарыс комплаенс-қызметі өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) Кәсіпорын және оның аффилиирленген тұлғалары туралы ақпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа қарыс комплаенс жөніндегі функцияларды орындау кезінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер оларда алдағы және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы мәліметтер болмаса, құпиялышының сақтайты;

2) сыйбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік әдеп кодексін және Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарыс іс-қимыл мәселелері бойынша басқа да ішкі құжаттарды бұзу фактілері бойынша жүгінген тұлғалардың құпиялышының қамтамасыз етеді;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарыс заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы Кәсіпорын басшысына дереу хабарлайды;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарыс іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына әзірленіп жатқан, жасалған немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы белгілі болған жағдайларды жеткізуға;

- 5) Кәсіпорынның белгіленген жұмыс тәртібіне кедергі жасамайды;
- 6) қызметтік және кәсіптік этиканы сақтайды.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметкері:

1) алдыңғы үш жылда өздері қатысқан процестік аудиттерге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіруі мүмкін немесе осындай залал келтіреді деп есептелетін қызметпен айналысуға;

3) құпия ақпаратты жеке мұдделер үшін пайдалануға;

4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің тәуелсіздігіне, объективтілігі мен бейтараптығына нұқсан келтіруі мүмкін немесе осындай залал келтіреді деп есептелуі мүмкін сыйлықтарды қабылдауға және қызметтерді пайдалануға;

6) мұдделер қақтығысина әкеп соғуы мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға құқылы.

16. Кәсіпорынның басшылығына:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жүзеге асыру үшін тиімді жағдай жасауға ықпал етуге, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарды жүзеге асыруға жәрдемдесуге;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметіне әкімшілік (ұйымдастыру-техникалық) қолдауды, оның ішінде оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктерді, активтерді және ресурстарды, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға қолжетімділікті) және басқа да тауарлар, жұмыстар, қызметтерді ұсынуды жүзеге асырады;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметкеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін береді.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы өзара сыпайылық пен жұмыстағы дұрыстыққа негізделеді.

18. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне келесілер арқылы көмек көрсетеді:

1) осы ереженің 7-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындастырылған мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

**3-тaraу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметінің есеп беруі**

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорында қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы ақпаратты тоқсан сайын жолдайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сауалы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жіберіледі.

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі мерзімді түрде Кәсіпорын басшысына есеп береді.

Кәсіпорынның басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар болған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.